

«Келісемін»
МКҚК «Астана» бөбекжай бақшасының
әдіскері—П.Қ.Кишкеева

«БЕКІТЕМІН»
МКҚК «Астана» бөбекжай бақшасының
менгерушісі Жуаныш К.Ж.Жуманазарова
« 31 » « 08 » 2021ж

ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАР

«Балдаурен» ересек топ Қыркүйек айы 2021- жыл Балабақша 1-апта

Мақсаты: балалардың бойында балабақшаға, балаларға, тәрбиешілерге сүйіспеншілік сезімді қалыптастыруға;
бірлескен әрекетке қызығушылықты дамытуға бағытталған.

Тақырыпша	Денсаулық-3 Дене шынықтыру	Қатынас –2 Сөйлеуді дамыту-1 Көркем әдебиет-0,5 Орыс тілі-0,5	Таным-2,5 Математика негіздері-1 Құрастыру-0,5 Жаратылыстану1	Шығармашылық-3 Музыка-1,5 Сурет салу-1 Мүсіндеу-0,25 Жапсыру-0,25	Әлеумет-0,5 Қоршаған ортамен танысу-0,5
Оқу қызметінің түрі, тақырыбы, мақсаты.	Дене шынықтыру. Тақырыбы: "Қатар түзеп сапқа тұру". Мақсаты: Балаларды қатар түзеп сапқа бір- бірден және бірінің артынан бірі тұрып жүру, жүгіру жаттығуларын жасауға үйрету; бір тізбекте сапта жүру және бір тізбекте	Сөйлеуді дамыту. Тақырыбы: "Біздің балабақша тақырыбына суреттер сериясы бойынша әңгімелеу". Мақсаты: Балаларға балабақшаның күн тәртібіндегі топтастармен бірлесіп атқарған әрекеттерін "балабақша" жалпылауыш ұғымына байланысты екенін	Математика негіздері. Тақырыбы: "Ойыншықтармен танысайық та, санайық". Мақсаты: Балаларға әртүрлі түстен, өлшемнен тұратын заттар жиынын үйрету, теңдік және теңсіздік, бір саны туралы ұғымдарды қалыптастыру;	Сурет салу. Тақырыбы: "Балабақша". Мақсаты: балаларды екі параллельді сызықтың ұштарын көлденең қосып, төртбұрышты пішінді, үшбұрышты шатырды салып, балабақшаның қарапайым ғимарат бейнесіне біріктіруге үйрету; қарындашпен сурет salу техникасын жетілдіру; геометриялық пішіндер	

	жүгіру дағдыларына жаттықтыру; бала адымындай қашықтықта қойылған текшелерден аттай отырып, гимнастикалық орындық үстімен жүру және балаға ыңғайлы үлкен үрмелі допты домалата отырып, мәрелі жерге жету ептілігін жетілдіру; зал алаңында сапта жүріп келе жатып, жүгіруге ауысу дағдыларына жаттықтыру.	түсіндіру; бірнеше суретті қабылдап, "Біздің балабақша" ортақ тақырыбына әңгімелеу амалын көрсету; балабақша және балабақшадағы күн тәртібі, қатынасудағы әдептілік ережелері туралы ұғымдар қалыптастыру. Балаларға балабақша туралы суреттер сериясы бойынша, мнемочарточкалар мен зияткерлік картаға сүйеніп әңгімені құрастыруға үйрету; мнемочарточкаларға, тірек сұрақтарға сүйеніп балабақша туралы ортақ әңгімені құрастыруға, сөйлемнің бірыңғай мүшелерін белсенді қолдануға дағдыландыру; байланыстырып сөйлеу дағдыларын қалыптастыру, ой-өрісін, логикасын, есту, есте сақтау қабілеттерін дамыту.	ойыншықтар туралы түсініктерді тиянақтау. Балалардың жиыны бір және екі, саны көп немесе аз ойыншықтар топтамаларын салыстыра білу дағдыларын қалыптастыру; зейін, ақыл-ой, есте сақтау, ортақ қасиет бойынша салыстыру, жалпылау, бөле білу қабілеттерін дамыту. Балалардың ойыншықтар әлеміне деген сүйіспеншілігін арттыру, зеректікке, байқампаздыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.	туралы түсініктерін бекіту; балабақша туралы ұғымдарын тиянақтау; қолдың ұсақ моторикасын, зейінін, көзбен мөлшерлеу қабілетін дамыту; достыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.	
	Дене шынықтыру.	Көркем әдебиет	Құрастыру.	Мүсіндеу.	-

	Тақырыбы: "Ұйымшыл балалар". Мақсаты: Балаларды қатар түзеп сапқа бір-бірден және бірінің артынан бірі тұрып жүру, жүгіру жаттығуларын жасауға үйрету; бір тізбекте сапта жүру және бір тізбекте жүгіру дағдыларына жаттықтыру; бала адымындай қашықтықта қойылған текшелерден аттай отырып, гимнастикалық орындық үстімен жүру және балаға ыңғайлы үлкен үрмелі допты домалата отырып, мәрелі жерге жету ептілігін жетілдіру; зал алаңында сапта жүріп келе жатып, жүгіруге ауысу дағдыларын	Тақырыбы: "Тәрбиеші". Мақсаты: Балаларды "Тәрбиеші" өлеңімен таныстыра отырып, өлеңді мұқият тыңдап, жаттап алуға үйрету; тақпақтың сөздерін есте сақтап, қайталауға талпындыру; тақпақтағы тәрбиешінің қасиеттері туралы мағлұматтар бере отырып, тәрбиешіні сыйлау және тілін алу керектігін түсіндіру; балабақша мен тәрбиеші туралы білімдерін кеңейту. Тақпақтағы сөздер арқылы балалардың тілін, есте сақтау қабілеті мен зейінін дамыту. Балалардың тақпақты жаттап алуға қызығушылығын ояту; тәрбиешіге деген құрмет пен тәрбиешіні сыйлауға және мейірімділік пен қарапайымдылыққа тәрбиелеу.	Тақырыбы: "Балабақша біздің үйіміз". Мақсаты: Балаларды құрамында: тақтайша, кірпіш, текше, цилиндр, призма, пирамида, арка бар құрылыс материалдар жинағынан екі қабатты балабақшаны құрастыруға үйрету; балабақша құрылымын атай отырып, құрылыс материалдарын бір-біріне тіреп, саусақтарымен түзеу іскерліктерін жетілдіру; балабақшаға деген сүйіспеншіліктерін арттыру; достыққа тәрбиелеу.	Тақырыбы: "Асқар ата келді". Мақсаты: балаларды сәндік қолданбалы өнермен таныстыруды жалғастыру, түрлі әдістерді қолданып, ыдыс-аяқ жасауды және бұйымның сыртын безендіруге, пішіннің бетін тегістеуді үйрету; мүсіндеудің таныс әдістерін қолданана отырып, балалардың ермексазбен жұмыс істеу икемділіктерін арттыру; талғампаздыққа тәрбиелеу.	
--	---	--	---	---	--

	пысықтау.				
	Дене шынықтыру. Тақырыбы: "Достар жұптары". Мақсаты: Балаларды қатар түзеп сапқа бір-бірден және бірінің артынан бірі тұрып жүру, жүгіру жаттығуларын жасауға үйрету; бір тізбекте сапта жүру және бір тізбекте жүгіру дағдыларына жаттықтыру; бала адымындай қашықтықта қойылған текшелерден аттай отырып, гимнастикалық орындық үстімен жүру және балаға ыңғайлы үлкен үрмелі допты домалата отырып, мәселі жерге жету ептілігін жетілдіру; зал алаңында сапта жүріп келе жатып,	Орыс тілі Тақырыбы: "Это я и мой детский сад. Игрушки". Мақсаты: Дать детям понятие о правилах приветствия и прощания, вежливости; ознакомить с основными принципами хорошего тона в общении со взрослыми и сверстниками; дать информацию об общих сведениях о себе; формировать понятие о гласных звуках, закреплять знания об игрушках, детском саде. Учить детей воспринимать русскую речь, понимать и употреблять по образцу взрослого слова, обозначающие приветствие, прощание, название себя; упражнять в правильном произношении гласных	Жаратылыстану. Тақырыбы: "Күз келді, бақшама". Мақсаты: Балалардың табиғат туралы негізгі ұғымдарын кеңейту; жанды және жансыз табиғат нысандары жөнінде түсінік бере отырып, білімдерін әрі қарай жетілдіру; балабақша маңайында ауа-райын бақылап, күзгі құбылыстарды байқап, ажырата білуге үйрету; балабақша туралы түсінік беру. Балалардың күз мезгіліндегі табиғат құбылыстарын көзбен қабылдау арқылы фонематикалық есту қабілеті мен есте сақтауын және ойлау қабілеті мен дүниетанымын дамыту. Балалардың табиғатқа қызығушылықтарын арттыру; оқу	Музыка. Тақырыбы: "Балабақша әніміз". Мақсаты: балаларды балабақша туралы әнді тыңдай отырып, сипатын ажырата білуге үйрету; әннің мағынасын түсініп айта білу қабілетін жетілдіру; музыка әуені мен ырғақтық қимылдарды бір мезгілде бастап, бір мезгілде аяқтау дағдысын қалыптастыру; мәдени қарым-қатынас ережелеріне тәрбиелеу.	

	жүгіруге ауысу дағдыларын жетілдіру.	звуків в словах; развивать артикуляционный аппарат, фонематический слух; развивать монологическую и диалогическую речь, задавая, отвечая на вопросы.	қызметінде эстетикалық қарым-қатынас пен адамгершілік ережелеріне және табиғатты сүю мен сақтау сезімдеріне тәрбиелеу.		
				Музыка. Тақырыбы: "Көңілді балалар". Мақсаты: балаларды балабақша туралы әнді тыңдай отырып, сипатын ажырата білуге үйрету; әннің мағынасын түсініп айта білу қабілетін жетілдіру; музыка әуені мен ырғақтық қимылдарды бір мезгілде бастап, бір мезгілде аяқтау дағдысын қалыптастыру; мәдени қарым-қатынас ережелеріне тәрбиелеуді пысықтау.	
Вариативті компонент			Вариативті компонент. Математика негіздері. Тақырыбы: "Зообаққа барамыз" Мақсаты: Балаларды 1		

			саны және цифрымен таныстыру; 1 цифрын дұрыс жазуға үйрету.		
Менің отбасым 2-апта					
Мақсаты: Отбасы, ана, әке, әже, ата, аға, әпкенің рөлі; отбасы мүшелерінің еңбек міндеттері; отбасындағы жағымды өзара қарым-қатынас, өзара көмек, отбасының барлық мүшелеріне сүйіспеншілік туралы түсініктерін кеңейтуге ықпал етеді.					
Оқу қызметінің түрі, тақырыбы, мақсаты.	Дене шынықтыру. Тақырыбы: Мақсаты: "Балаларды бір-бірден қатарға тұруға үйрету; қатарға өз еріктерімен тұру қабілетін қалыптастыру; ұзындыққа екі аяғымен секіру және еденде жатып, оңға және солға кезек-кезек домалау дағдысын жетілдіру; қатарда жүріп келе жатып педагогтің белгі беруі бойынша пингвин сияқты жүру дағдыларына жаттықтыру".	Сөйлеуді дамыту. Тақырыбы: "Ата-әжемнің әндері. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: [а], [ә] дыбыстары". Мақсаты: Балаларды ауылдағы еңбек туралы тақпақпен таныстыру; дауысты дыбыстардың сөздердің құрамында жіңішке және жуан болуының қасиеттерін түсіндіру, [а], [ә] дауысты дыбыстары жөнінде ұғымдар қалыптастыру; "отбасы" жалпылауыш сөзінің мағынасын түсіндіру, "отбасы тәрбиесі" ұғымының негіздерін салу. Балаларды көркем сөз	Математика негіздері. Тақырыбы: "Шкафқа не жиналғанын санайық". Мақсаты: Балалардың әртүрлі түстен, өлшемнен тұратын заттардың жиыны туралы түсініктерін қалыптастыру; екі саны туралы ұғымдар қалыптастыру, отбасы жөнінде ұғымдарды тиянақтау, ұлдар мен қыздарға қажетті киімдер туралы мағлұматтар беру. Балаларға заттарды санамай-ақ, жұптарын салыстыру негізінде	Сурет салу. Тақырыбы: "Әжем пісірген піспенанды безендірейік". Мақсаты: балалардың қарындашпен піспенанның дөңгелек пішінді сұлбасын қызғалдақ оюы арқылы безендіруге үйрету; оюды төрт жаққа қаратып, салу тәсілін игерту; отбасы мүшелері туралы түсініктерді тиянақтау; балаларға қазақтың ою элементтері жөнінде қарапайым ұғымдарды жетілдіру; қағаз бетін бағдарлау, көзбен мөлшерлеу қабілеттерін дамыту; нанды қастерлеуге, еңбекті, жақынды сүйуге тәрбиелеу.	Қоршаған ортамен таныстыру. Тақырыбы: "Отбасы шежіресі". Мақсаты: Балалардың отбасы туралы білімдерін кеңейту; өзінің отбасы туралы әңгімелеп беру қабілетін қалыптастыру; отбасы шежіресі мен мүшелерін құрметтеу сезімдеріне тәрбиелеу.

		мәтінін мұқият тыңдап, жуан және жіңішке айтылған сөздерді байқауға үйрету, [а], [ә] дауысты дыбыстарының артикуляциясына жаттықтыру, осы дыбыстарды жекеше түрде, буын не сөз құрамында айту және ажырату біліктерін, фонематикалық қабылдау дағдыларын қалыптастыру.	тең немесе тең еместігін анықтай білуді үйрету; тұстастыру, беттестіру тәсілдерін жетілдіру; заттардың тек ұлдарға немесе қыздарға қажеттілігі сияқты белгі бойынша бөле білу іскерлігін қалыптастыру; зейінді, есте сақтау, ойлау және қабылдау мүмкіндіктерін дамыту. Балаларды үлкенге құрмет көрсетуге, зеректікке, ұқыптылыққа тәрбиелеу.		
	Дене шынықтыру. Тақырыбы: Мақсаты: "Балаларды бір-бірден қатарға тұруға үйрету; қатарға өз еріктерімен тұру қабілетін қалыптастыру; ұзындыққа екі	Көркем әдебиет. Тақырыбы: "Атай". Мақсаты: Балаларды "Атай" өлеңімен таныстыра отырып, өлеңді мұқият тыңдауға үйрету; тақпақтың сөздерін есте сақтап, өз шығармашылығы бойынша шағын	Жаратылыстану. Тақырыбы: "Тазы". Мақсаты: Балаларға тазы туралы ұғым беру; тазыға күтім көрсету ерекшеліктері мен оның үй жағдайында өмір сүру қалпы туралы түсініктерін кеңейту; үй	Жапсыру. Тақырыбы: "Менің әжем". Мақсаты: балаларды түстері және көлемдері әртүрлі геометриялық пішіндерді: шеңберлерді пайдаланып "әже" жапсырмасын жасауға үйрету; көлемі үлкен шеңберден "әженің басын", "әженің денесін" екіге бөлінген сопақшаның бір	

	аяғымен секіру және еденде жатып, оңға және солға кезек-кезек домалау дағдысын жетілдіру; қатарда жүріп келе жатып педагогтің белгі беруі бойынша пингвин сияқты жүру дағдыларына жаттықтыруды пысықтау".	әңгіме құрастыруға талпындыру; тақпақтағы атай туралы айтылған көркем сөздерге мән бере отырып, үлкенді сыйлау және тілін алу керектігін түсіндіру; отбасы туралы білімдерін кеңейту. Тақпақтағы сөздер арқылы балалардың тілі мен сөздік қорын молайту, есте сақтау қабілеті мен зейінін дамыту. Балаларды тақпақты мұқият тыңдауға қызығушылығын ояту; отбасына деген құрмет пен отбасы мүшелерін сыйлауға және мейірімділік пен қарапайымдылыққа тәрбиелеу.	жануарларының өз бетімен табиғатта өмір сүруі қиын екенін түсіндіру; үй жануарларының өмір сүру ерекшеліктеріне сай бір-бірінен ажырата білуге үйрету; отбасы туралы түсінік беру. Балаларды тазымен таныстырғанда көркем сөздер арқылы ойлау қабілеті мен тілін, есте сақтау қабілеті мен зейінін және шығармашылығын дамыту. Балалардың тазы және басқа да үй жануарларына қызығушылықтарын арттыру; оқу қызметінде достық қарым-қатынас пен тәртіп ережелеріне, үй жануарларына ізгі қарым-қатынасты тәрбиелеу.	жартысынан жасап қағаз бетіне орналастыру, көлемі орташа шеңберлерді тең ортасынан екіге бүктеп "әженің шашын" жапсырып, "әже" бейнесін құрастыруға үйрету; қағаз бетінде кеңістікті бағдарлай білу, артық желімді майлықтың көмегімен сүртіп тастау іскерліктерін дамыту; жапсырманың үстінен майлықты қойып, саусақтарымен үстінен басу іскерліктерін жетілдіру, үлкендерді құрметтеуге, сыйластық танытуға тәрбиелеу.	
	Дене шынықтыру. Тақырыбы:			Музыка. Тақырыбы: "Ата-ананы	

	Мақсаты: "Балаларды бір-бірден қатарға тұруға үйрету; қатарға өз еріктерімен тұру қабілетін қалыптастыру; ұзындыққа екі аяғымен секіру және еденде жатып, оңға және солға кезек-кезек домалау дағдысын жетілдіру; қатарда жүріп келе жатып педагогтің белгі беруі бойынша пингвин сияқты жүру дағдыларына жаттықтыруды пысықтау".			тыңдаймыз". Мақсаты: балаларды ата-ана туралы әннің сипатын ажырата білуге үйрету; жай және көңілді әндерді тыңдай білу қабілетін қалыптастыру; музыка әуенімен музыкалық ырғақтық қимылдарды бір мезгілде бастап, бір мезгілде аяқтау дағдысын жетілдіру; дыбысты есту қабілетін дамыту.	
Вариативті компонент			Вариативті компонент. Құрастыру Тақырыбы: "Мен және менің отбасым". Мақсаты: Балаларды қағаздан отбасы мүшелері: әке мен		

			ананы құрастыру амалдарымен таныстыру; жарты шеңберді бұру арқылы геометриялық дене: конусты жасауға үйрету; қағаздың сипаттары және түрлері туралы білімдерін толықтырып, балалардың қағаздан құрастыру іскерліктерін жетілдіру; шығармашылық қабілеттерін арттырып, көркемдік талғамдарын дамыту; отбасы мүшелерін атап, сюжетті суреттерде не бейнеленгенін айту арқылы балалардың сөздік қорларын молайту; отбасы мүшелерін сыйлап, қадірлеуге тәрбиелеу.		
Табиғат әлемі 3-апта					
Мақсаты: тірі және өлі табиғат заттары мен құбылыстары, маусымдық өзгерістер, өсімдіктер туралы білімдерін кеңейтуге; жануарлар,					

жәндіктер мен өсімдіктердің барлық түрлерін сақтаудың қажеттілігі туралы түсініктерін қалыптастыруға; табиғатпен тікелей байланысты тәжірибені игеруге; қоршаған ортаға ұқыпты қарауды және тіршілік ету ортасының маңызын түсінуге бағытталған.					
Оқу қызметінің түрі, тақырыбы, мақсаты.	Дене шынықтыру. Тақырыбы: "Бір орнынан биікке секіру". Мақсаты: Балаларды бір-бірден қатарға тұруға үйрету; қатарға өз еріктерімен тұру қабілетін қалыптастыру; ұзындыққа екі аяғымен секіру және еденде жатып, оңға және солға кезек-кезек домалау дағдысын жетілдіру; қатарда жүріп келе жатып педагогтің белгі беруі бойынша пингвин сияқты жүру дағдыларына жаттықтыру.	Сөйлеуді дамыту. Тақырыбы: "Менің мекенім тақырыбына әңгімелесу". Мақсаты: Балалардың мекенжай туралы ұғымдарын қалыптастыру; Қазақстандағы ауыл мен қала, елді мекендер, табиғаттың ерекшеліктері жөнінде жалпы ұғымдар беру; Қазақстан баланың ғана емес оның жанында тұрған адамдардың да ортақ тұратын мекені, Отаны екені туралы түсіндіру. Балаларды өздері тұратын мекенжайын нақтылы, бірнеше сөйлем арқылы айтуға жаттықтыру; "Қазақстан" тақырыбына байланысты сөздік жаттығуларға	Математика негіздері. Тақырыбы: "Санауды үйренемін. Тәулік бөліктері". Мақсаты: Балалардың тәулік бөліктері жөнінде, "таңертең", "күндіз", "кеш", "түн" туралы түсініктерін тиянақтау, заттардың саны, заттарды белгілейтін сандар туралы ұғымдарды қалыптастыру, күн тәртібі және тәулік бөліктеріндегі әрекеттер жөнінде мағлұматтар аясын кеңейту. Балаларды тәулік бөліктерін байқауға машықтау; бір, екі және үш көлеміндегі заттардың үлгісі бойынша санау дағдысын қалыптастыру; сандарды тәртібі бойынша атауға және қорытынды санды атауға, заттардың	Музыка. Тақырыбы: "Жаңбыр". Мақсаты: балаларды әнді тыңдай отырып, мағынасын түсіне білуге және ырғақты айыра білуге үйрету; жай және көңілді әндерді тыңдай білу қабілетін қалыптастыру; музыкалық ырғақтық қимылдарды музыка әуенімен үйлесімді жасай білу дағдысын жетілдіру; музыкалық аспапта ойнау қабілетіне жаттықтыру.	

		белсенді қатысуға бейімдеу, әңгіме барысында Отанның ұғымының сипатын білдіретін сын есімдерді қолдануға машықтау.	жиынын айтып отыруға үйрету; зейінді, түйсікті, есте сақтау, ақыл-ой қабілеттерін дамыту. Балаларды зеректікке, байқампаздыққа, тәртіптілікке, достыққа тәрбиелеу.		
	Дене шынықтыру. Тақырыбы: "Шынықсаң - шымыр болсасың". Мақсаты: Балаларды бір-бірден қатарға тұруға үйрету; қатарға өз еріктерімен тұру қабілетін қалыптастыру; ұзындыққа екі аяғымен секіру және еденде жатып, оңға және солға кезек-кезек домалау дағдысын жетілдіру; қатарда жүріп келе жатып педагогтің белгі беруі бойынша пингвин сияқты жүру дағдыларын	Көркем әдебиет. Тақырыбы: "Ормандағы оқиға". Мақсаты: Балаларды ормандағы оқиға желісінің мазмұнымен таныстыру; әңгімедегі көркем сөздерді шынайы айтуға жаттықтыру; әңгіменің мазмұнындағы сөздерді мұқият тыңдап, есте сақтай білуге үйрету; табиғат әлемі туралы түсініктерін кеңейту. Әңгімедегі көркем сөз арқылы балалардың есте сақтауы мен қабылдау қабілетін және зейіні мен тілін дамыту. Балалардың әңгімеге деген	Жаратылыстану. Тақырыбы: "Жабайы жидектер". Мақсаты: Балалардың жеуге жарамды жабайы жидектер туралы түсініктерін қалыптастыру; жабайы жидектердің пайда болуы мен өсуінің әсері жайлы білімдерін кеңейту; тіршілік қауіпсіздігін сақтауға үйрету; табиғат әлемі туралы түсінік беру. Балаларды жабайы жидектермен таныстырғанда көркем сөздер арқылы ойлау қабілеті мен тілін, есте сақтау қабілеті мен зейінін және	Музыка. Тақырыбы: "Күздің ғажайып құбылыстары". Мақсаты: балаларды әнді тыңдай отырып, мағынасын түсіне білуге және ырғақты айыра білуге үйрету; жай және көңілді әндерді тыңдай білу қабілетін қалыптастыру; музыкалық ырғақтық қимылдарды музыка әуенімен үйлесімді жасай білу дағдысын жетілдіру; музыкалық аспапта ойнау қабілетіне жаттықтыруды пысықтау.	

	дамыту.	қызығушылығын арттыру; оқу әрекетінде құрдастары арасында мәдени қарым-қатынас пен адамгершілік ережелерін сақтай білуге және белсенді болуға тәрбиелеу.	шығармашылығын дамыту. Балалардың жабайы жидектерге қызығушылықтарын арттыру; оқу қызметінде достық қарым-қатынас пен тәртіп ережелеріне, өсімдіктерді қорғау мен сақтау ізгі қарым-қатынасына тәрбиелеу.		
	Дене шынықтыру. Тақырыбы: "Біз алғырмыз". Мақсаты: Балаларды бір-бірден қатарға тұруға үйрету; қатарға өз еріктерімен тұру қабілетін қалыптастыру; ұзындыққа екі аяғымен секіру және еденде жатып, оңға және солға кезек-кезек домалау дағдысын жетілдіру; қатарда жүріп келе жатып педагогтің белгі беруі бойынша	Орыс тілі. Тақырыбы: "Время. Части суток. Режим дня". Мақсаты: Формировать у детей знания частях суток, развивать понятие "время", объяснять о принципах построения режима дня; способствовать развитию понятия "правила", "режим дня". Развивать у детей умение воспринимать информацию о частях суток и режиме дня на русском языке, отражать понимание в	Құрастыру. Тақырыбы: "Ханзада бақа". Мақсаты: Балаларды ағайынды Гриммнің "Бақа ханзада" ертегісінің басты кейіпкері бақаны қағаздан құрастыруға үйрету; ертегі желісін еске түсіру арқылы балалардың есте сақтау қабілеттерін жетілдіру; оқу қызметіне деген қызығушылықтарын арттыру; бақа туралы білімдерін толықтырып, бақаның дыбысталуын естумен қатар өздері де	Сурет салу. Тақырыбы: "Арқасын жиырған мысық". Мақсаты: балаларды бормен арқасын жиырған мысық бейнесін салу амалдарына үйрету; қағаздың ортасына мысықтың денесі мен аяқтарын доғалы сызық негізінде салып, бір жағына дөңгелек басын, екінші жағына ұзын құйрықты салу тәртібін қалыптастыру; мысық бейнесін дене мүшелері мен сыртқы келбетін сызықтарымен толықтыруға талпындырту; мысықтың тіршілігі туралы білімдерді пысықтау; дене	-

	пингвин сияқты жүру дағдыларын жетілдіру.	несложных ответах, демонстрации пантомимы; учить называть части суток, прочтые действия, совершаемые в режиме дня; развивать навыки соотнесения слов с картинками, обозначающими определенные действия и содержание действий в той или иной части суток; развивать умения коммуницировать на основе общих игр и упражнений, организуемых в течение пребывания в коллективе сверстников.	дыбыстауға үйрету; қағаз және қайшымен жұмыс жасау іскерліктерін жетілдіру; өздерінің жұмыстарын бағалап, өзгенің жұмысына баға беруге үйрету; сөздік қорларын молайту.	пропорцияларына көңілін аудару; үй жануарларына қамқорлықпен қарауға шақыру.	
				Мүсіндеу. Тақырыбы: "Сұр қоян". Мақсаты: балаларды бөлшектерді біріктіру арқылы сұр қоянды мүсіндеуге үйрету; мүсіндеу кезінде есу, созу әдістерін пайдалана отырып, ермексазбен	

				жұмыс жасау іскерліктерін жетілдіру; сұр қоян туралы білімдерін толықтыру; жұмыс орнында тазалықты сақтауға үйрету.	
Вариативті компонент			Вариативті компонент. Математика негіздері. Тақырыбы: "Цирк әртістері" Мақсаты: Балаларды 2 саны және цифрымен таныстыру; 2 санының жасалу жолын көрсету; 1 және 2 цифрының бейнесін айыра білуге үйрету.		
Менің Қазақстаным-4-апта					
Мақсаты: балалардың жас және жеке мүмкіндіктеріне сәйкес білім, білік, дағдыларды, рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыруға, “Мәңгілік Ел” жалпыұлттық идеясына негізделген жалпы адамзаттық қасиеттерді, патриотизмді тәрбиелеуге ықпал етеді.					
Оқу қызметінің түрі, тақырыбы, мақсаты.	Дене шынықтыру. Тақырыбы: "Бөренемен тағандап жүру". Мақсаты: Балаларды қатарда бірінің артынан бірі аяқтың ұшымен және өкшемен	Сөйлеуді дамыту. Тақырыбы: "Туыстар. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: [ы], [і] дыбыстары". Мақсаты: Балаларға туыс адамның отбасындағы орны туралы түсіндіру; [ы],	Математика негіздері. Тақырыбы: "Менің көшемде не бар?". Мақсаты: Балалардың екі және үш сандары жөніндегі ұғымдарының	Музыка. Тақырыбы: "Күн дидарлы Қазақстан". Мақсаты: балалардың ән айтуға қызығушылықтарын арттыру; жай және көңілді әндерді ажырата білуге үйрету; музыкалық ырғақтық қимылдарды музыка	Қоршаған ортамен таныстыру. Тақырыбы: "Нұр-Сұлтанға саяхат". Мақсаты: Балаларға Нұр-Сұлтан қаласының әсем ғимараттарымен таныстыра отырып, қала туралы әңгімелеп беруге үйрету;

	жүруге үйрету; сапқа өз еріктерімен тұру қабілетін қалыптастыру; бір орыннан биікке секіру және доғадан бір қырымен өту мен жерде домалау дағдысына жаттықтыру; саптан шеңберге, шеңберден сапқа ауысу дағдыларын жетілдіру.	[і] дауысты дыбыстары жөнінде ұғымдар қалыптастыру; дауысты дыбыстардың сөздердің құрамында жіңішке және жуан болуына мысалдар көрсету; "отбасы" мен "Отан" жалпылауыш сөздерінің мағынасын пысықтау, түстердің реңктері жөнінде мағлұмат беру. Балаларды [ы], [і] дауысты дыбыстарының артикуляциясына жаттықтыру, осы дыбыстарды жекеше түрде, буын не сөз құрамында, қарапайым мәтінде құлақпен есту, айту біліктерін, фонематикалық қабылдау дағдыларын қалыптастыру.	негіздерін қалыптастыру, "оң қол", "сол қол" ұғымдарын тиянақтау; еліміздің мемлекеттік әнұранын орындау тәртібімен таныстыру; ағаштардың пайдасы жөнінде баяндау. Балаларға заттарды екіден, үштен санап алуға, белгілі сандарға сәйкестеуді үйрету; жиындары екі немесе үш екі түрлі заттардың топтамаларын салыстыруға, теңдестіруге жаттықтыру; оң қол мен сол қолды ажырату дағдыларын жетілдіру; зейінді, ақыл-ойды, өзін-өзі бағдарлау, есте сақтау, қабылдау қабілеттерін дамыту. Балаларды отансүйгіштікке, ұйымшылдыққа,	әуенімен үйлесімді жасай білу дағдысын жетілдіру; дыбысты есту қабілеті мен хорда ән айтуға дағдыландыру; дауыстың жоғары және төмен ырғақтарын ажырата білу қабілетін қалыптастыру.	Нұр-Сұлтан қаласының басқа қалалардан ерекшелігі туралы білімдерін кеңейту; еліміздің бас қаласын құрмет тұту сезімдеріне тәрбиелеу.
--	---	--	---	---	---

			зеректікке тәрбиелеу.		
	Дене шынықтыру. Тақырыбы: "Кедергіден өту амалдары". Мақсаты: Балаларды қатарда бірінің артынан бірі аяқтың ұшымен және өкшемен жүруге үйрету; сапқа өз еріктерімен тұру қабілетін қалыптастыру; бір орыннан биікке секіру және доғадан бір қырымен өту мен жерде домалау дағдысына жаттықтыру; саптан шеңберге, шеңберден сапқа ауысу дағдыларына жаттықтыру.	Көркем әдебиет. Тақырыбы: "Менің өлкем". Мақсаты: Балаларды Қабдыкәрім Ыдырысовтың «Менің өлкем» өлеңінің мазмұнымен таныстыру; өлең жолдарындағы көркем сөз атауларын шынайы айтуға жаттықтыру; өлеңнің мазмұнындағы сөздерді мұқият тыңдап, есте сақтай білуге үйрету; Қазақстан туралы түсініктерін кеңейту. Өлең жолдарындағы көркем сөз арқылы балалардың есте сақтауы мен қабылдау қабілетін және зейіні мен тілін дамыту.	Жаратылыстану. Тақырыбы: "Қыран". Мақсаты: Балаларды қыранның сыртқы келбетімен таныстыру; қыранды тануға, білуге деген құштарлығын қалыптастыру; қыран жайлы білімдерін кеңейту; Қазақстанның Ата заңы туралы түсінік беру. Балаларды қыранмен таныстырғанда көркем сөздер арқылы ойлау қабілетін, тілін, есте сақтау қабілеті мен зейінін дамыту. Балалардың қыранға қызығушылықтарын арттыру; оқу қызметінде мәдени қарым-қатынас пен адамгершілік ережелеріне, бір-біріне қамқор болуға, ізгілікке	Жапсыру. Тақырыбы: "Көк тудың желбірегені". Мақсаты: балаларды дәнді-дақылдарды қолданып "ту" жапсырмасын жасауға үйрету; көк түсті қағаз бетіне қыран және күннің қимаулігілерін жапсырып, тудың бейнесін құрастыруға; күн және күн шуақтарының үстіне тарыны, қыран үстіне қарақұмықты желімнің көмегімен жапсыру арқылы қол саусақ моторикаларын дамыту; ҚР Мемлекеттік рәміздері жайлы білімдерін толықтыра отырып, Отансүйгіштікке, мемлекетіміздің рәміздеріне құрметпен, сыйластықпен қарауға тәрбиелеу.	

			тәрбиелеу.		
	Дене шынықтыру. Тақырыбы: "Кедергілерден өту ойындары". Мақсаты: Балаларды қатарда бірінің артынан бірі аяқтың ұшымен және өкшемен жүруге үйрету; сапқа өз еріктерімен тұру қабілетін қалыптастыру; бір орыннан биікке секіру және доғадан бір қырымен өту мен жерде домалау дағдысына жаттықтыру; саптан шеңберге, шеңберден сапқа ауысу дағдыларын жетілдіру. Балаларды қатарда бірінің артынан бірі аяқтың ұшымен және өкшемен жүруге үйретуде аяқ бұлшық еттерін			Сурет салу. Тақырыбы: "Ыдыстар". Мақсаты: балаларды акварель бояуларымен таныстыруды жалғастыру, акварель бояуын суға езіп, қылқалам арқылы қою консистенциясын жасау техникасын қалыптастыру; қылқаламмен шеңбер және жарты шеңбер пішіндерін бір-бірінің жанына салып, табақша мен шыны-аяқ бейнелерін бір сюжетке біріктіруге үйрету; салынған пішіндерді белгілі ырғақта нүктелермен безендіру техникасында дағдыландыру; отбасыдағы туыстық, жылы қарым-қатынастар туралы түсініктерді дамыту; қағаз бетін бағдарлау қабілетін, зейінді, ақыл-ойды дамыту; шыдамдылыққа, адамгершілікке тәрбиелеу.	

	дамыту; сапқа өз еріктерімен тұру кезінде есте сақтау қабілетін қалыптастыру; бір орыннан биікке секіру және доғадан бір қырымен өту мен жерде домалауға жаттықтыру.				
Вариативті компонент			Вариативті компонент "Құрастыру" Тақырыбы: "Көрнекті ғимарат" Мақсаты: Балаларды құрылыс материалдары: тақтайша, текше, кірпіш, цилиндр, призма, пирамида, арканы пайдаланып екіқабатты ғимаратты құрастыруға үйрету; призма, текше, цилиндр, тақтайша, кірпіш қасиеттерін талдап, тәжірибеде қолдануға дағдыландыру; құрылыстың		

			тұрақтылығын ескеріп отыруға баулу; ұқыптылыққа, тиянақтылыққа тәрбиелеу; ойын арқылы балалардың геометриялық денелер туралы түсініктерін бекіту, ойлау қабілеттерін дамыту; балаларды жіптегі қауырсындарды үрлеу арқылы денсаулықтарын, қан айналым жүйелерін жақсарту; оқу қызметінен алған әсерлерін кемпірқосақтың түстері арқылы білдіруге ынталандыру.		
--	--	--	--	--	--

ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАР

«Балдаурен» ересек топ Қазан айы 2021- жыл Қош келдің, Алтын күз! 1-апта

Мақсаты: балалардың бойында балабақша туралы түсініктерін, танымдық қабілеттерін, ой - өрістерін кеңейте отырып бірлескен әрекетке қызығушылықтарын дамыту. Күз ерекшеліктерін толық сипаттауға, мәтін ретінде айта алуға дағдыландыру.

Тақырыпша	Денсаулық-3 Дене шынықтыру	Қатынас –2 Сөйлеуді дамыту-1 Көркем әдебиет-0,5 Орыс тілі-0,5	Таным-2,5 Математика негіздері-1 Құрастыру-0,5 Жаратылыстану	Шығармашылық-3 Музыка-1,5 Сурет салу-1 Мүсіндеу-0,25 Жапсыру-0,25	Әлеумет-0,5 Қоршаған ортамен танысу-0,5
Оқу қызметінің түрі, тақырыбы, мақсаты.	Дене шынықтыру. Тақырыбы: "Саршұнақтай жылдам болайық". Мақсаты: Балаларды қатарда бірінің артынан бірі аяқтың ұшымен және өкшемен жүруге жаттықтыру; сапқа өз еріктерімен тұру қабілетін жетілдіру; ілулі тұрған заттың басына тию арқылы жоғары секіру және допты аяқты қайшылап отырып-	Сөйлеуді дамыту. Тақырыбы: "Күз туралы тапқыты құрастыру". Мақсаты: Балаларда тапқа, өлең туралы негізгі ұғымдар қалыптастыру, көркем сөз үлгісінің қара сөзден айырмашылығын таныту; "күз мезгілі" ұғымына жататын табиғаттағы өзгерістер, құбылыстарды пысықтау; күз мезгіліне тән құбылыстар жөнінде	Математика негіздері. Тақырыбы: "Күзгі жапырақтар шоқтары". Мақсаты: Балалардың заттардың бірден төртке дейінгі сандарға сәйкес жиындар жөніндегі түсініктерін қалыптастыру; өзін-өзі бағдарлаудағы "оң" және "сол жақ" ұғымдарын тиянақтау; күз мезгілінің қасиеттері жөнінде түсініктерді	Сурет салу. Тақырыбы: "Күзгі саябақтағы жапырақтардың түсуі". Мақсаты: балаларды жапырақ пішінін қою бояумен бояп, қағаз бетіне бедерін басу техникасымен таныстыру; жапырақтың бетіне күздің ашық бояуларына араластырып бояп, қағаз бетіне басып, жапырақтың нақтылы ізін қалдыруға дағдыландыру; ұжымдық жұмысты бейнелеп шығаруға дағдыландыру; зейінін, түстерді таңдаудағы эстетикалық	

	тұрып домалату дағдысына үйрету; қатарда жүріп келе жатып, педагогтің белгісі бойынша тоқтау және педагог белгісі бойынша жүгіру дағдыларына машықтандыру.	білімдірді тиянақтау. Балаларды сиквейн моделі бойынша күз туралы тақпақ шығару тәртібіне үйрету; тірек карточкаларды пайдаланып, тақпақ жолдарын күздің табиғат өзгерістері жөніндегі қарапайым сипаттама сөздер, сөз тіркестері және қарапайым сөйлем арқылы құрастыру, байланыстырып сөйлеу біліктерін қалыптастыру.	толықтыру. Балаларға заттарды бірден, екіден, үштен, төрттен санап алуды, заттарды белгілі сандарға сәйкестендіруді үйрету; бірінің астына бірін екі қатарға, тұастастырылып, орналасқан заттардың екі тобын салыстыруды, теңдестіруді үйрету; оң және сол қол, аяқ, иық сияқты дене мүшелерінің орналасу жағын ажырату біліктерін жетілдіру; зейінді, ақыл-ойды, өзін-өзі бағдарлау, есте сақтау, қабылдау қабілеттерін дамыту. Балаларды табиғатты сүйуге, байқағыштыққа баулу, ұғымталдыққа, шапшаңдыққа тәрбиелеу.	талғамды дамыту; топтағы қарым-қатынастарды нығайту; тазалыққа, тиянақтылыққа тәрбиелеу.	
	Дене шынықтыру.	Көркем әдебиет	Құрастыру.	Мүсіндеу.	

	Тақырыбы: "Күздің қызықтары". Мақсаты: Балаларды қатарда бірінің артынан бірі аяқтың ұшымен және өкшемен жүруге жаттықтыру; сапқа өз еріктерімен тұру қабілетін жетілдіру; ілулі тұрған заттың басына тию арқылы жоғары секіру және допты аяқты қайшылап отырып-тұрып домалату дағдысына үйрету; қатарда жүріп келе жатып, педагогтің белгісі бойынша тоқтау және педагог белгісі бойынша жүгіру дағдыларын дамыту.	Тақырыбы: "Алтын күз". Мақсаты: Балаларды "Алтын күз" өлеңінің мазмұнымен таныстыра отырып, тақпақты мұқият тыңдауға үйрету; тақпақтың жатқа айтатын сөздерін есте сақтап, қайталауға жаттықтыру; тақпақтағы күз мезгілін көркем сөзбен әдемі өрнектеген жолдарына балалардың назарын аударып, мәнін түсіндіру; күз туралы түсінік беру. Балалардың көркем сөздер арқылы тілін, есте сақтау қабілеті мен зейінін дамыту. Балалардың тақпақ жаттауға қызығушылығын ояту.	Тақырыбы: "Саңырауқұлақтар әлеміне саяхат". Мақсаты: Балаларды дәнді-дақылдарды пайдаланып, саңырауқұлақты құрастыруға үйрету; жасымықтан саңырауқұлақтың қалпақшасын, қарақұмықтан саңырауқұлақтың түбіртегін, құрмадан саңырауқұлақ орналасқан шөпті жапсыра отырып, балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту; оқу қызметіне деген қызығушылықтарын арттыру; миға шабуыл әдісі бойынша саңырауқұлақтардың белгілерін табу, ойлау қабілеттерін жетілдіру; "шыбынжұт" саңырауқұлағы туралы білімдерін толықтыру; саяхатқа	Тақырыбы: "Саңырауқұлақтар". Мақсаты: Екі бөлшектен тұратын заттарды, оларға тән пішіндерін бере отырып, сомдау біліктерін нығайту; мүсіндеудің есу, жалпайту, ойық жасау әдістерін пайдалану іскерліктерін жетілдіру; жұмыс кезінде қырнауышты дұрыс пайдалануға үйрету; қол бұлшықеттерін дамыту; ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу; күз және күз мезгілінің белгілері жайлы білімдерін толықтыра отырып, саңырауқұлақтар жайлы білімдерін кеңейту.	
--	--	---	--	--	--

			шығуға ынталандыру.		
	Дене шынықтыру. Тақырыбы: "Күзгі жолдар үстіндегі ойындар". Мақсаты: Балаларды қатарда бірінің артынан бірі аяқтың ұшымен және өкшемен жүруге жаттықтыру; сапқа өз еріктерімен тұру қабілетін жетілдіру; ілулі тұрған заттың басына тию арқылы жоғары секіру және допты аяқты қайшылап отырып-тұрып домалату дағдысына үйрету; қатарда жүріп келе жатып, педагогтің белгісі бойынша тоқтау және педагог белгісі бойынша жүгіру дағдыларын жетілдіру.	Орыс тілі Тақырыбы: "Время года. Осень". Мақсаты: Развивать у детей понятие "осень", "листопад"; объяснить значение слов "золотая осень"; формировать основные представления о словах, отвечающих на вопросы "Кто? Что?", именах существительных, а также о глаголах, словах, отвечающих на вопросы "Что делает?"; расширять знания о природных явлениях осенью. Учить детей воспринимать красоту русского языка, развивать интерес к художественному слову на русском языке; учить составлять небольшой рассказ	Жаратылыстану. Тақырыбы: "Алтын жапырақ". Мақсаты: Балаларды күз мезгілінің өзгерістерімен таныстыру; күз мезгілінде табиғатта болатын өзгерістердің маңызы туралы түсініктерін кеңейту; балалардың қарапайым экологиялық мәдениетін қалыптастыру; алтын күз туралы ұғым беру. Ауа райы жағдайын анықтау кезінде балалардың бақылау қабілетін, ойлауы мен қабылдауын, зейіні мен есте сақтауын, сөздік қоры мен шығармашылығын дамыту. Балалардың күз мезгіліндегі өзгерістерге қызығушылықтарын	Музыка. Тақырыбы: "Күз". Мақсаты: балаларды күз туралы әнді тыңдай отырып, сипатын ажырата білуге үйрету; әннің сөздік мағынасын түсініп, бірге айта білу қабілетін қалыптастыру; музыка әуенімен бірге би ырғақтарын жасай білу дағдысын жетілдіру; дыбысты есту қабілетін арттыру.	

		по картине из фраз и сочетаний слов на основе мнемочабочек, отражающих особенности осеннего периода; развивать умение понимать речь и применять в речи примеры художественного слова; развивать чувство ритма, фонематический слух и артикуляцию при проговаривании шипящих звуков.	оаяу; оку қызметінде достық қарым-қатынас пен адамгершілік ережелеріне, белсенділікке тәрбиелеу.		
				Музыка. Тақырыбы: "Кел ән тыңдайық". Мақсаты: балалардың музыканы тыңдай білуге қызығушылықтарын арттыру; әнді тыңдай отырып, сипатын ажырата білуге үйрету; ән айтуда сөздік мағынасын түсініп, жетекшімен бірге айта білу қабілетін қалыптастыру; музыка әуенімен бірге би ырғақтарын жасай білу	

				дағдысын пысықтау.	
Вариативті компонент			Вариативті компонент. Математика негіздері. Тақырыбы: "Үш марғау" Мақсаты: Балаларды 3 санының жасалуымен және 3 цифрымен таныстыру; бірнеше заттар тобын салыстыра білуге, үлкен санды атай алуға жаттықтыру.		
Күз сыйы-2-апта					
Мақсаты: көкөніс пен жеміс-жидектердің бау-бақшада өсетіні, олардың аталуы, құрамындағы кездесетін дәрумендерің адам денсаулығына маңызы туралы түсініктерін кеңейту. «Жомарт күз» деп неліктен аталатынын түсіндіру, күз мезгілінің ерекшеліктерін бақылау.					
Оқу қызметінің түрі, тақырыбы, мақсаты.	Дене шынықтыру. Тақырыбы: "Еңкіс тақтайдың үстімен жүрелеп жүру" Мақсаты: Балаларды сапта дене қалпын тік ұстап, педагогтің белгі беруі бойынша "Тіктел!", "Түзел!", "Тік тұр!" сөздерімен қимылдарды	Сөйлеуді дамыту. Тақырыбы: "Көкөністер мен жемістер дауы әңгімесін мәнерлеп оқу. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: [о], [ө] дыбыстары". Мақсаты: Балалардың "күз сыйлары", көгөністер мен	Математика негіздері. Тақырыбы: "Кірпілерге жемістер". Мақсаты: Балалардың өздерінің қарсы алдындағы кеңістіктің "оң жақ", "сол жақ", "алды", арты" бағыттары жөніндегі	Сурет салу. Тақырыбы: "Жемістер". Мақсаты: балаларды қылқаламмен алма мен алмұртты бейнелеуге үйрету, дөңгелек және сопақша пішіндерді қылқалам ұшымен салып, ішін баланың өзі қалаған қызыл, жасыл немесе сары бояулармен, сұлбасы шетінен шықпай салу тәсілдерін игерту;	Қоршаған ортамен таныстыру. Тақырыбы: "Жапырақтар әлемі". Мақсаты: Балаларға күз туралы ұғым беру; күзгі әлем кереметтерімен таныстыра отырып, танымдық қызығушылықтарын арттыру; күзде жапырақтардың алуан түрге өзгеруі туралы білімдерін кеңейту.

	бұлжытпай орындауға үйрету; бірінің артынан бірі аяқтың ұшымен және өкшемен жүруге жаттықтыру; қатардан сапқа өз еріктерімен тұру қабілетін жетілдіру; жерде жатқан жіпті табанымен көлденеңнен басып жүру арқылы кубиктен аттап, жоғары секіру және еңкіс тақтайдың үстімен жүрелеп жүруге дағдыландыру; саптан шенберге, шеңберден сапқа ауысу дағдыларын дамыту; күз сыйының мағынасын тереңірек түсіндіру.	жемістер, жөніндегі ұғымдарын жетілдіру, [o], [ө] дауысты дыбыстары жөнінде ұғымдар қалыптастыру; дауысты дыбыстардың сөздердің құрамында жіңішке және жуан болуына мысалдарын көрсету; "жемістер" мен "көкөністер" жалпылауыш сөздерінің мағынасын пысықтау, "күз сыйларының" адам өмірінде алатын орны туралы білімдерінің аясын кеңейту; әңгіме жанры туралы түсініктерді қалыптастыру. Балаларды "күз сыйлары" туралы оқылған әңгіменің мазмұнын, суреттерге қарамай-ақ, құлақпен тыңдап, есте сақтап,	ұғымдарын қалыптастыру; заттардың түрлі жиындары мен сандары жөнінде түсініктер аясын кеңейту; кірпінің күзгі тіршілік ету ерекшеліктерін, жеміс-көкөніс туралы білімдер жиынтығын қалыптастыру. Балалардың педагог айтқан бағытты қолмен көрсетіп, сол бағыт бойынша жылжу іскерлігін қалыптастыру; заттарды бір-бірден, екіден, үштен, төрттен санап алуға, заттарды белгілі сандарға сәйкестеуді пысықтау, заттар топтары арасында теңдікті орнату амалдарын бекіту; қолдың ұсақ моторикасын, зейін, ойлау, кеңістікті бағдарлау, есте сақтау, түйсік	жаңа аралас түстердің атауларымен таныстыру; күздің сыйлары, жемістерді жинаудағы адамның еңбегі туралы білімдерді пысықтау; қолдың ұсақ моторикасын, зейінін, аяқ-ойын, түстерді ажырату қабілеттерін дамыту; тиянақтылыққа, шыдамдылыққа тәрбиелеу.	
--	---	---	---	--	--

		өздігінен сұрақтарға неғұрлым толық жауаптарды құрастыруға үйрету; [o], [ə] дауысты дыбыстарының артикуляциясын жаттықтыру, оқылған мәтінде кездесетін сөздердің құрамындағы осы дауысты дыбыстарды есту, ажырату біліктерін, фонематикалық қабылдау дағдыларын қалыптастыру.	қабілеттерін дамыту. Балаларды аңдардың күз мезгіліндегі тіршілігіне деген қызығушылықтарын дамыту, байқағыштыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу.		
	Дене шынықтыру. Тақырыбы: "Тақтай үстімен біз қалай жүре білеміз". Мақсаты: Балаларды сапта дене қалпын тік ұстап, педагогтің белгі беруі бойынша "Тіктел!", "Түзел!", "Тік тұр!" сөздерімен қимылдарды бұлжытпай орындауға үйрету;	Көркем әдебиет. Тақырыбы: "Алма". Мақсаты: Балаларды "Алма" ертегісінің мазмұнымен таныстыра отырып, ертегіні мұқият тыңдауға үйрету; ертегідегі көркем сөздерді есте сақтап, қайталауға жаттықтыру; ертегідегі кейіпкерлердің сөздерін көркем	Жаратылыстану. Тақырыбы: "Жемістер". Мақсаты: Балаларды жемістің бірнеше түрімен таныстыра отырып, оларды өсіру тәсілдері туралы түсініктерін кеңейту; жемістер жайлы түсініктерін жүйелендіруде қарапайым зерттеу жұмыстарымен айналысу қабілетін	Жапсыру. Тақырыбы: "Бұтақтағы алмалар". Мақсаты: балаларды "бұтақтағы алмалар" жапсырмасын жасауға үйрету; бұтақ, алма және жапырақ қимаулігін қағаз бетіне жапсыруды үйрете отырып, алманың пайдасы және оның құрылымы жайлы білімдерін толықтыру; жеміс-жидектер мен көкөністерді бір-бірінен	

	бірінің артынан бірі аяқтың ұшымен және өкшемен жүруге жаттықтыру; қатардан сапқа өз еріктерімен тұру қабілетін жетілдіру; жерде жатқан жіпті табанымен көлденеңнен басып жүру арқылы кубиктен аттап, жоғары секіру және еңкіс тақтайдың үстімен жүрелеп жүруге дағдыландыру; саптан шеңберге, шеңберден сапқа ауысу дағдыларын әрі қарай жетілдіру.	сөзбен жеткізе білуге үйрету; күз сыйы туралы түсінік беру. Балалардың көркем сөздер арқылы тілін, есте сақтау қабілеті мен зейінін дамыту. Балалардың ертегіге деген қызығушылығын ояту; оқу қызметінде бір-біріне құрмет пен үлкенді сыйлауға, қарапайымдылық пен белсенділікке тәрбиелеу.	қалыптастыру; күз сыйының мәнін ашу. Жеміс түрлері арқылы балалардың қабілеті мен зейінін, тілі мен есте сақтауын және ойлау қабілетін дамыту. Оқу қызметінде балалардың жемістерді зерттеуге деген қызығушылықтарын ояту; өзара достық қарым-қатынас пен адамгершілік ережелерін сақтауға, табиғатты қорғау мен құрметтеу сезімдеріне тәрбиелеу.	ажырата білу, ойлау қабілеттерін дамыту.	
	Дене шынықтыру. Тақырыбы: "Баланс сақтай аламыз". Мақсаты: Балаларды сапта дене қалпын тік ұстап, педагогтің белгі беруі бойынша "Тіктел!", "Түзел!", "Тік тұр!"			Музыка. Тақырыбы: "Күз жомарт". Мақсаты: балалардың музыканы тыңдай білу қабілетін арттыру; әнді тыңдай отырып, сипатын ажырата білуге үйрету; дыбыс ұзақтығы туралы ұғым беру; дыбысты	-

	сөздерімен қимылдарды бұлжытпай орындауға үйрету; бірінің артынан бірі аяқтың ұшымен және өкшемен жүруге жаттықтыру; қатардан сапқа өз еріктерімен тұру қабілетін жетілдіру; жерде жатқан жіпті табанымен көлденеңнен басып жүру арқылы кубиктен аттап, жоғары секіру және еңкіс тақтайдың үстімен жүрелеп жүруге дағдыландыру; саптан шеңберге, шеңберден сапқа ауысуға жыттықтыру.			есту қабілетін жетілдіру.	
Вариативті компонент			Вариативті компонент. Құрастыру Тақырыбы: "Күзгі ағаштар" Мақсаты: Балаларды		

			асқабақ тұқымдарын ағаш қимаулігісінің үстіне жапсырып, күзгі ағаштар суретін құрастыруға үйрету; балалардың құрастыру түрлерімен жұмыс жасау іскерліктерін жетілдіру; ағаш трафаретін қағаз бетіне бастырып, қайшымен қиып алу іскерліктерін дамыта отырып, қайшымен жұмыс жасау кезіндегі қауіпсіздік ережелерін сақтауға үйрету; күз мезгілінің ерекшеліктерін атауға, табиғатты аялауға, адамның күзгі мезгілдегі еңбегін қадірлеуге, көмектесуге, достыққа тәрбиелеу.		
Ас атасы - нан - 3-апта					
Мақсаты: егін науқанына дайындық: егін алқабын жырту, бидай тұқымын себу, нанның дастарханға қалай келетіні туралы түсінік беру; диқан, наубайшы еңбегімен таныстыру, олардың еңбегін құрметтей білуге тәрбиелеу.					
Оқу қызметінің түрі, тақырыбы,	Дене шынықтыру. Тақырыбы: "Допты	Сөйлеуді дамыту. Тақырыбы:	Математика негіздері.	Музыка. Тақырыбы: "Тәтті нан".	

мақсаты.	қақпаға дәлдеп домалату". Мақсаты: Балаларды сапта дене қалпын тік ұстап, педагогтің белгі беруі бойынша "Тіктел!", "Түзел!", "Тік тұр!" сөздерімен қимылдарды бұлжытпай орындауға жаттықтыру; қатардан сапқа өз еріктерімен тұру қабілетін жетілдіру; бөрененің үстімен қолдарын жанына жіберіп, дене тепе-теңдігін сақтай жүре отырып, допты қақпаға дәлдеп домалату және губка төсеніштің үстінде аунап, домалау дағдысын жетілдіру; саптан қатарға, қатардан сапқа ауысу дағдыларын әрі	"Еркежан әжейдің тақпағын мәнерлеп оқу". Мақсаты: Балаларды Еркежан әжейдің ауылдағы еңбегі туралы тақпақпен таныстыру; "нан өнімдері" ұғымы туралы білімдер аясын кеңейту; халық ауыз әдебиетіндегі мақал-мәтелдер туралы ұғымдар қалыптастыру; нанды пісіру және адам еңбегі туралы түсініктерді тиянақтау. Балаларды тақпақты толықтай мұқият тыңдауға, мазмұны бойынша сұрақтарға мәтін жолдарымен жауап беруге машықтандыру, байланыстырып сөйлеу дағдыларын қалыптастыру; тақпақ жолдарындағы ұйқастарды байқап,	Тақырыбы: "Сарқытты тең бөлейік". Мақсаты: Балалардың бес саны туралы ұғымдарын қалыптастыру; сандардың заттардың көлеміне, түрлеріне емес, тек жиынына байланысты екенін түсіндіру; заттардың тең екіге бөлінуі туралы түсініктер беру; нан өнімдері және денсаулыққа жағымды азықтану туралы мағлұматтар беру. Балалардың бес көлемінде санау, заттарды үлгісі бойынша және аталған саны бойынша санау дағдыларын жетілдіру; ортақ біртектес заттар топтамасын саны екі тең топтамаға бөлу, екі-екіден жұптарды құрастыру амалына үйрету; заттар	Мақсаты: Балалардың музыканы тыңдай отырып, сипатын ажырата білу қабілетін арттыру; әнді тыңдауда дыбыс ұзақтығы туралы ұғымын қалыптастыру; дыбысты есту қабілетін жетілдіру; музыка әуенімен бірге би ырғақтарын үйлесімді жасай білу дағдысын жетілдіру.	
----------	--	---	--	--	--

	қарай жетілдіру; "Ас атасы – нан" сөзінің мағынасын ашу.	мәнін түсіну, есте сақтау біліктерін жетілдіру, нан өнімдерін жалпылап айтуға жаттықтыру; ақыл-ойын, мәтінді қабылдау, елестету қабілеттерін, ой- өрісін дамыту.	жиынының өзгеруі, өсуі, кемуі, амалдарын бақылап, нәтижесін сөзбен жеткізуге үйрету; қағаз бетін бағдарлау, есте сақтау қабілетін, қолдың ұсақ моторикасын, ой- өрісін, логикасын дамыту. Балаларды ересектің еңбегін құрметтеуге, нан өнімдерін бағалауға, салауатты өмір салтын ұстануға баулу; тиянақтылыққа, әдептілікке тәрбиелеу.		
	Дене шынықтыру. Тақырыбы: "Епті баламыз". Мақсаты: Балаларды сапта дене қалпын тік ұстап, педагогтің белгі беруі бойынша "Тіктел!", "Түзел!", "Тік тұр!" сөздерімен қимылдарды	Көркем әдебиет. Тақырыбы: "Таба нан". Мақсаты: Балаларды әңгіме мазмұнымен таныстыра отырып, нанның қасиеті мен бидайдың өзіндік ерекшеліктері туралы ұғымдарын қалыптастыру; әңгімені тыңдау	Жаратылыстану. Тақырыбы: "Бауырсақ". Мақсаты: Балаларды бауырсақпен, соның ішінде нан өнімдерімен таныстыра отырып, нанның бидай дақылынан пайда болатындығы туралы түсініктерін	Музыка. Тақырыбы: "Адам еңбегіне жыр". Мақсаты: балалардың музыканы тыңдай отырып, сипатын ажырата білу қабілетін арттыру; әнді тыңдауда дыбыс ұзақтығы туралы ұғымын қалыптастыру; дыбысты есту қабілетін жетілдіру; музыка әуенімен бірге би	

	бұлжытпай орындауға жаттықтыру; қатардан сапқа өз еріктерімен тұру қабілетін жетілдіру; бөрененің үстімен қолдарын жанына жіберіп, дене тепе-теңдігін сақтай жүре отырып, допты қақпаға дәлдеп домалату және губка төсеніштің үстінде аунап, домалау дағдысын жетілдіру.	кезінде нанның қасиетін эмоциялық сезіммен қабылдай білуге үйрету; "Ас атасы – нан" туралы түсінік беру. Балалардың әңгіме желісі арқылы есте сақтау қабілеті мен сөздік қорын, зейіні мен ойлау қабілетін дамыту. Балалардың нанның бидайдан пайда болу кезеңдеріне деген қызығушылықтарын ояту; оқу қызметінде құрдастары арасында достық қарым-қатынас пен эстетикалық талғам негіздеріне тәрбиелеу.	кеңейту; бидай жайлы білім беруде қарапайым зерттеу жұмыстарымен айналысу қабілетін қалыптастыру; бидай өсімдігінің қасиеті мен маңызы жөнінде мағлұмат беру; "Ас атасы – нан" мақалының мәнін ұғындыру. Бауырсақ туралы өлең мен көркем сөздер арқылы балалардың зейінін, тілі мен ойлау қабілетін, танымдық қызметке деген қызығушылығын дамыту. Оқу қызметінде балалардың бидай дақылын зерттеуге деген қызығушылықтарын ояту; өзара достық қарым-қатынас пен адамгершілік ережелерін сақтауға және табиғатты қорғау мен құрметтеу	ырғақтарын үйлесімді жасай білу дағдысын жетілдіруді пысықтау.	
--	---	--	--	---	--

			сезімдеріне тәрбиелеу.		
	Дене шынықтыру. Тақырыбы: "Мергендер жарысы". Мақсаты: Балаларды сапта дене қалпын тік ұстап, педагогтің белгі беруі бойынша "Тіктел!", "Түзел!", "Тік тұр!" сөздерімен қимылдарды бұлжытпай орындауға жаттықтыру; қатардан сапқа өз еріктерімен тұру қабілетін жетілдіру; бөрененің үстімен колдарын жанына жіберіп, дене тепе-теңдігін сақтай жүре отырып, допты қақпаға дәлдеп домалату және губка төсеніштің үстінде аунап, домалау дағдысын	Орыс тілі. Тақырыбы: "Волшебные бауырсаки. Посуда". Мақсаты: Познакомить детей с рассказом "Волшебные" баурсаки", с цепочкой действий по изготовлению баурсаков; развивать понятие о хлебе, его ценности в жизни человека; познакомить с новыми видами посуды, их названием; продолжать знакомить с такими образцами устного народного творчества, как пословицы. Учить детей запоминать содержание рассказа, составлять простые предложения и фразы, связанных с	Құрастыру. Тақырыбы: "Бидай масағы". Мақсаты: Балаларды "Масақ" украин халық ертегісіндегі масақты оригами әдісі бойынша құрастыруға үйрету; ертегі желісін еске түсіру арқылы есте сақтау қабілеттерін жетілдіру; оқу қызметіне деген қызығушылықтарын арттыру; нанның дастарқанға қалай келетіні жайлы білімдерін толықтыра отырып, нанды қадірлеуге, жерде жатса баспауға тәрбиелеу; оригами әдісі туралы анықтама беру.	Сурет салу. Тақырыбы: "Алтын бидай алқабы". Мақсаты: балаларды бидай алқабы көрінісін салуға үйрету; бидай масақтарын бор және саусақтарды басу арқылы салу техникасын игерту; адамның бидайды өсірудегі еңбегі туралы білімдерін тиянақтау; қолдың ұсақ моторикасын, қағаз бетін бағдарлау, зейінін, ақыл-ойын дамыту; адам еңбегін құрметтеуге, еңбекқорлыққа тәрбиелеу.	

	жетілдіру; саптан қатарға, қатардан сапқа ауысу дағдыларын әрі қарай жетілдіру.	цепочкой действий; упражнять в произнесении видов посуды; развивать навыки понимания словообразования на примере новых имен существительных с суффиксами "ниц", "ник". Развивать умение различать на слух слова, которые часто повторяются в тексте рассказа, физкультминутки, беседы и вопросов педагога.			
				Мүсіндеу. Тақырыбы: "Анама бәліш пісіремін". Мақсаты: балаларды ермексазды екі кесекке бөліп, бір кесегінен бәліш жасау үшін дөңгелектеп, саусақтарымен оны жалпақ етіп жаюға, өздері қалаған ермексазды үзіп алып, дөңгелектеп салма жасауға, бәліштің үстіне салманы орналастырып, екінші ермексаз кесегін есу арқылы жіңішке пішін беріп, жіңішке пішіндермен	

				бәлішті безендіріп, мүсіндеуге үйрету; ұннан жасалатын тағамдар туралы білімдерін жаңғырта отырып, көмектесуге, әрдайым қол ұшын созуға тәрбиелеу.	
Вариативті компонент			Вариативті компонент. Математика негіздері. Тақырыбы: "Көңілді саяхат" Мақсаты: Балаларды 4 санымен және цифрымен таныстыру; заттардың екі жиынтығын салыстыру негізінде 4 санының құрылуымен таныстыру.		
Жыл құстары 4-апта					
Мақсаты: Жыл құстары, олардың жылы жаққа ұшып кету себептері туралы білімдерін кеңейту. Жыл құстары көктемде туған жерге қайта оралып, ұя салады, балапан басып шығарады.					
